

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 3(85), 2023

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 3(85)**

Алматы, 2023

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№3(85), 2023 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. С.Д. Абишева

Бас ред. орынбасары:
PhD, аға оқытушы А.А. Найманбаев

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Д.А. Сабирова

Редакция алқасы:
филол.ғ.д., проф. А.В. Танжарикова,
филол.ғ.д., проф. Б. Әбдіғазизұлы,
пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Ф.Ш. Оразбаева,
филол.ғ.д., проф. Н.Ә. Ильясова,
филол.ғ.д., проф. М.Ш. Мусатаева,
филол.ғ.д., проф. Қ.Ө. Есенова,
филол.ғ.к., доц. А.Д. Маймакова,
PhD, аға оқытушы Н.Н. Конкабаева
филол.ғ.к., қауымд. проф. С.А. Жиренов,
филол.ғ.к., доц. М.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты С.В. Ананьева,
филол.ғ.д., проф., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Б.У. Джолдасбекова,
филол.ғ.к., доц., А. Байтұрсынов атындағы
Тіл білімі институты А.М. Фазылжанова,
PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева
(Эстония),
филол.ғ.д., проф. Е.В. Казарцев (Ресей),
филол.ғ.д., проф. А.К. Киклевич (Польша),
филол.ғ.д., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),
проф. Нонако Сусуму (Жапония),
PhD, проф. Роллберг Петер (АҚШ),
PhD, проф. О.М. Табачникова
(Ұлыбритания),
филол.ғ.д., проф. Түркмен Фикрет (Түркия),
филол.ғ.д., проф. Л.Л. Шестакова (Ресей).

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. С.К. Серикова

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., аға оқытушы М.М. Хавайдарова

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2023

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 31.10.2023 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15. е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 51.
050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Егизбаева Н.Ж., Тәубеева Ә.Т. Етістің функционалды
грамматика категорияларымен байланысы..... 5

Егизбаева Н.Ж., Тәубеева Ә.Т. Связь залога с
категориями функциональной грамматики

Yegizbayeva N.Zh., Taubeyeva A.T. Connection of voice
with functional grammar categories

Елмуратова С.А., Алламуратова Г.Ж. Проблемы
выделения основной единицы словообразовательной
системы и описания словообразовательного значения..... 12

Елмуратова С.А., Алламуратова Г.Ж. Сөз қабылдау
жүйесінің негізгі бірлігін анықтау мәселелері және сөз
қабылдау мәнін сипаттау мәселелері

Елмуратова С.А., Алламуратова Г.Ж. Challenges in
identifying the fundamental unit of word-formation system
and exploring word-formation meaning

Есенова Қ.Ө. Пандемия кезіндегі теле-радио дискурсы:
метафоралардың тілдік репрезентациясы..... 19

Есенова К.У. Теле-радио дискурс во время пандемии:
языковая репрезентация метафор

Yessenova K. Tv-radio discourse during the pandemic:
linguistic representation of metaphors

Муратбаева И.С. Реформы казахской письменности:
диахронический экскурс..... 27

Муратбаева И.С. Қазақ жазуының реформалары: диах-
рондық экскурсия

Muratbayeva I. Reforms of kazakh writing: a diachronic
digression

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Белобровцева И.З. Георгий Адамович – mortus и
vivus..... 36

Белобровцева И.З. Георгий Адамович – mortus және
vivus

Belobrovtsseva I. Georgy Adamovich – mortus and vivus

Костюхина М.С. Печатный календарь и литература: от
догмата к оксюморону..... 44

Костюхина М.С. Баспа күнтізбесі мен әдебиеті:
догмадан оксюморонға дейін

Kostyukhina M. Printed calendar and literature: from dogma
to oxymoron

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки» №3(85), 2023 г.

Периодичность – 4 номера в год. Выходит с 2000 года.

Главный редактор:

д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора:

PhD, ст.препод. Найманбаев А.А.

Научный редактор:

PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Члены редколлегии:

д.филол.н., проф. Танжарикова А.В.,

д.филол.н., проф. Абдигазизулы Б.,

д.пед.н., проф., член-корр. НАН РК

Ф.Ш. Оразбаева,

д.филол.н., проф. Ильясова Н.А.,

д.филол.н., проф. Мусатаева М.Ш.,

PhD, ст.препод. Конкабаева Н.Н.,

к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.,

к.филол.н., доц., Институт языкознания

имени А. Байтурсынова

Ананьева С.В.,

д.филол.н., проф., КазНУ имени аль-Фараби

Джолдасбекова Б.У.,

к.филол.н., доц., Институт литературы и

искусства имени М.О.Ауэзова

Фазылжанова А.М.,

PhD доктор, проф. Белобровцева И.З.

(Эстония),

д.филол.н., проф. Казарцев Е.В. (Россия),

д.филол.н., проф. Киклевич А.К. (Польша),

д.филол.н., проф. Нефагина Г.Л. (Польша),

проф. Нонако Сусуму (Япония),

PhD, проф. Роллберг Петер (США),

PhD, проф. Табачникова О.М.

(Великобритания),

д.филол.н., проф. Туркмен Фикрет

(Турция),

д.филол.н., проф. Шестакова Л.Л. (Россия),

Ответственный секретарь:

PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:

к.филол.н., ст.препод. Хавайдарова М.М.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2023
Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации
РК

8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 31.10.2023.

Формат 60x84 1/8. Объем 15. уч-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 51.

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального педагогического университета имени Абая

Сатуова Ж.Т., Ибраева А.Д. Балалар әдебиеті: баспа ісіндегі қиындықтар мен жетістіктер..... 50

Сатуова Ж.Т., Ибраева А.Д. Детская литература: проблемы и успехи в издательстве

Saturova Zh., Ibraeva A. Children's literature: problems and successes in publishing

Табачникова О.М. Ахиллесова пята русской интеллигенции (Чеховские мотивы в фильме Георгия Данелия "Осенний марафон")..... 56

Табачникова О.М. Орыс зиялыларының ахиллес өкшесі (Георгий Данелияның «Күзгі марафон» фильміндегі Чехов мотивтері)

Tabachnikova O. The Achilles heel of the Russian intelligentsia (Chekhov's motifs in Georgy Danelia's film «Autumn Marathon»)

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Жаңабекова А.Ә., Пірманова К.Қ. Абай Құнанбайұлы тілінің жиілік сөздігі: әдістемені әзірлеу және негізгі нәтижелер..... 62

Жаңабекова А.Ә., Пірманова К.Қ. Частотный словарь языка Абая Кунанбайұлы: разработка методологии и ключевые результаты

Zhanabekova A.A., Pirmanova K.K. Frequency dictionary of the Abai Kunanbayuly language: methodology development and key results

Жәңгірова Н.Қ., Қалыбаева Қ.С. 4-сынып оқушыларына мәтінмен жұмыста оқылым стратегияларын қолданудың маңыздылығы..... 70

Жәңгірова Н.Қ., Қалыбаева Қ.С. Использование методики Г. Бегалиева и современных мультимедийных средств в обучении обособленным словам в рамках обновленного содержания образования (7 класс)

Zhangirova N., Kalybayeva K. the use of g. begaliyev's methodology and modern multimedia tools in teaching individual words within the framework of the updated content of education (grade 7)

Omarova M., Nurzhanova Zh. Using digital resources effectively in teaching a foreign language..... 77

Омарова М.Д., Нұржанова Ж.Д. Шет тілін оқытуда цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану

Омарова М.Д., Нұржанова Ж.Д. Эффективное использование цифровых ресурсов при обучении иностранному языку

Abai Kazakh National Pedagogical University

BULLETIN

Chief Editor

Doctor of Philology, Professor **Abisheva S.**

Deputy Chief Editor

PhD, senior lecturer **Naimanbaev A.**

Scientific editor

PhD, Associate Prof. **Sabirova D.**

EDITORIAL TEAM:

Doctor of Philology, Assoc. Professor

Tanzharikova A.

Doctor of Philology, Professor – **Abdigaziuly B.**

Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,

Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

Orazbayeva F.

Doctor of Philology, Professor **Piyasova N.**

Doctor of Philology, Professor

Mussatayeva M.

Doctor of Philology, Professor **Essenova K.**

Candidate of Philology Science, Associate Professor

Maimakova A.

PhD, Senior Lecturer **Konkabayeva N.**

Candidate of Philology Science, Assoc. Professor

Zhirenov S.

Ph.D. in Philology, Associate Professor,

M.O.Auezov Institute of Literature and Art

Ananyeva S.

Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi KazNU

Dzholdasbekova B.

Candidate of Philology Science, Associate Professor,

A. Baitursynov Institute of Linguistics

Fazylzhanova A.

Doctor of Philology, Professor (Russia)

Bakhtikireeva U.

PhD, professor (Estonia)

Belobrovteva I.

Doctor of Philology, Professor (Russia)

Kazartsev E.

Doctor of Philology, Professor (Poland)

Kiklevich A.

Doctor of Philology, Professor (Poland)

Nefagina G.

Master, Professor (Japan) **Nonako Susumu**

PhD, Professor (the USA) **Rollberg Peter**

PhD, Professor (the UK) **Tabachnikova O.**

Doctor of Philology, Professor (Turkey)

Turkmen F.

Doctor of Philology, Associate Professor (Russia)

Shestakova L.

Executive Secretary

PhD, Associate Prof. **Serikova S.**

Technical Secretary

Candidate of Philology Science, Senior Lecturer

Khavaidarova M.

©Abai Kazakh National Pedagogical University,
2023

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the Republic of Kazakhstan

8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 31.10. 2023.

Format 60x84 1/8. Volume 15.

teaching and publishing lists.

Number of copies 300. Order 51.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13, Abai KazNPU
Publishing House “Ulagat” of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Scliar-Cabral L. How to learn early literacy for reading and writing..... 86

Скляр-Кабрал Л. Оқу және жазу үшін сауаттылықты қалай ерте үйренуге болады

Скляр-Кабрал Л. Как рано научиться грамоте для чтения и письма

Суёнова Г.С. Практикоориентированность как основной принцип педагогического инжиниринга (на примере разработки рабочих тетрадей для уроков русского языка)..... 96

Суёнова Г.С. Педагогикалық инжинирингтің негізгі принципі ретінде тәжірибеге бағдарлану (орыс тілі сабақтарына арналған жұмыс дәптерлерін әзірлеу мысалында)

Suyunova G. Practice orientation as the basic principle of pedagogical engineering (using the example of developing workbooks for Russian language lessons)

Тряпельников А.В., Яхненко В.В. Русский язык как родной (РКР): предлоги (наглядная семантизация смыслов пространственных предложно-падежных сочетаний в обучении русскому языку иностранцев)..... 111

Тряпельников А.В., Яхненко В.В. Орыс тілі ана тілі ретінде (ОАТ): демеуліктер (шетелдіктердің орыс тілін оқытудағы кеңістіктік демеулік-септік тіркестердің мағыналарын визуалды семантизациялау)

Трыпельников А., Яхненко В. Russian as a native language (RNL): prepositions (visual semantics of the meanings of spatial prepositional-case combinations in teaching the Russian language to foreigners)

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы,
Алматы, Қазақстан, e-mail: kalbike_65@mail.ru

ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ТЕЛЕ-РАДИО ДИСКУРСЫ: МЕТАФОРЛАРДЫҢ ТІЛДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақала пандемия кезіндегі Қазақстанның теле-радио тілінде орын алған өзгерістер, тілдегі жаңа қолданыстар, олардың жиілігі және тіл ұстанушы санасына тигізген әсерін анықтауға арналған және ИРН АР14870178 (Мемлекеттік тіркелу номері 0122РК00597) «Қазақ қоғамының тілдік контенті: өзгерістер мен жаңарулар (пандемия кезі; 2020-2022 жж.)» тақырыбындағы ғылыми жоба шеңберінде жазылды. Жазбаша мәтінмен салыстырғанда аудио-визуалды құралдарға негізделген электронды БАҚ тіліндегі сөзжұмсамның стильдік ерекшеліктерін, қоғамдағы өзгерістердің ғаламтордағы көрінісін, оның теле-радио дискурста метафора түрінде бейнеленуін зерделеп, соңғы жылдары асаөзекті болған мәселелердің себептерін анықтаудың маңызы зор.

Халықтың мәдени өмірінде бұрын да белгілі дәрежеде орын алып келген радио мен теледидардың пандемия кезінде рөлі тіпті күшейгені мәлім. Сыртқы дүниеден қол үзгендей «жабық күйге түскен» көпшіліктің ақпарат алатын негізгі ресми дереккөзіне айналған радио мен теледидар арқылы таралған кез келген ақпарат, онда аталатын жаңа ұғымдар, терминдер күн сайын қайталана отырып, тілдік санада берік орнықты. Сөйтіп ковидке, карантин режиміне қатысты пайда болған жаңа атаулар пандемия кезеңіндегі тіл қолданысын сипаттайтын ерекше тілдік бірліктер ретінде сөздік қорымыздан орын алды. Осымен байланысты, пандемия кезеңіндегі теле-радио дискурста пайда болып, қалыптасқан метафоралардың электронды БАҚ-тағы репрезентациясын прагматикалық аспектіде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Түйін сөздер: медиамәтін, теле, радио тілі, электронды БАҚ, теле-радиодискурс, ассоциация, пандемия, прагматика, медиасөзжұмсам, медиадискурс, тілдік метафора, репрезентация, стильдік өзгеріс.

Есенова К.У. ¹

¹доктор филологических наук, профессор

Казахского национального педагогического университета имени Абая,

Алматы, Казахстан,

e-mail: kalbike_65@mail.ru

ТЕЛЕ-РАДИО ДИСКУРС ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ: ЯЗЫКОВАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ МЕТАФОР

Аннотация

Статья написана в рамках научного проекта ИРН АР14870178 (государственный регистрационный номер 0122РК00597) на тему «Языковой контент казахского общества: Изменения и нововведения (период пандемии; 2020-2022 гг.) и посвящена выявлению изменений, произошедших в языке телевидения и радио Казахстана во время пандемии, новых слов, частоты их употребления и влияния на сознание носителей языка. В последние годы по сравнению с письменным текстом огромное внимание уделяется изучению сти-

листических особенностей речи языка электронных СМИ, основанного на аудиовизуальных средствах, изменениям, происходящим в обществе, отраженных в интернете, метафорической репрезентации их в теле- и радиодискурсе, а также определению причин наиболее актуальных проблем языка.

Известно, что во время пандемии усилилась роль радио и телевидения, и без того ранее занимавших значительное место в культурной жизни народа. Новые понятия, термины, которые повторялись в информационных новостях, распространяемых по радио и телевидению, являвшихся основными официальными источниками информации для многих «попавших в замкнутое пространство», оторванных от внешнего мира людей, прочно закрепились в языковом сознании народа. Таким образом, новые названия, появившиеся в период карантина, заняли место в нашем словарном фонде как особые языковые единицы, характеризующие язык периода пандемии. В связи с этим возникла необходимость рассмотрения в прагмалингвистическом аспекте репрезентации образовавшихся метафор в языке электронных СМИ, появившихся в теле-радио дискурсе в период пандемии.

Ключевые слова: медиатекст, электронное СМИ, теле-радиодискурс, ассоциация, пандемия, прагматика, медиа словообразование, медиадискурс, языковая метафора, репрезентация, стилистическая особенность

Yessenova K.¹

¹Doctor of Philology, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstane-mail: kalbike_65@mail.ru

TV-RADIO DISCOURSE DURING THE PANDEMIC: LINGUISTIC REPRESENTATION OF METAPHORS

Abstract

The article is intended to identify changes in the TV and radio language of Kazakhstan during the pandemic, new uses in the language, their frequency, and their impact on the consciousness of the language speaker and it was written within the framework of a scientific project on the topic IRN AP14870178 (State Registration number 0122RK00597) “Language content of the Kazakh society: Changes and innovations (pandemic period; 2020-2022)”. In comparison with the written text, it is important to study the stylistic features of speech in the language of electronic media based on audio-visual means, the reflection of changes in society on the internet, its reflection in the form of metaphors in television and radio discourse, and identify the causes of the problems that have become most relevant in recent years.

It is known that during the pandemic, the role of radio and television, which have already played a certain role in the cultural life of the people, has increased. Any information disseminated through radio and television, which has become the official source of information for the “closed” public, as if cut off from the outside world, the new concepts and terms mentioned are repeated daily and firmly established in the linguistic consciousness. Thus, the new names related to COVID-19 and the quarantine regime entered our vocabulary as special language units describing the use of language during the pandemic period. In connection with this, there is a need to consider the representation of metaphors in the electronic media that appeared and formed in the TV and radio discourse during the pandemic from a pragmalinguistic aspect.

Keywords: media text, electronic media, television and radio discourse, association, pandemic, pragmatics, media speech, media discourse, linguistic metaphor, representation, stylistic feature.

Кіріспе. Елде қалыптасқан пандемиялық ахуалға сай жаңаша сипат алған теле-радио дискурстағы метафора құбылысын коронавирустық пандемияны көрсетудің лингвистикалық

құралы ретінде талдаудың берері мол. Осыған орай, зерттеу барысында қоғамдық өмірдің жаңа және маңызды құбылысына қатысты ұғымдардың метафоралану үдерісінің ерекшеліктерін анықтау мақсаты қойылды. Сондықтан пандемия тақырыбына арналған электронды БАҚ-тағы жаңалықтар мен талдамалық шолулар мәтіндерінде қолданылған метафораларға назар аударып, оларды жасалу тәсілдеріне сәйкес топтастыру және олардың тіл ұстанушыға әсер ету деңгейін көрсету міндеттері анықталды. Жалпы зерттеу жұмысында метафоралық модельдеу теориясы басшылыққа алынды.

Пандемия тақырыбы қазіргі қазақтеле-радио тілінде белсенді түрде метафораланады. Себебі, жаңа ұғымдарды халыққа бұрыннан таныс құбылыстармен салыстыра отырып түсіндіру қабылдауды жеңілдетеді.

Қазақ медиа дискурсынан жиналған мысалдарда коронавирус адамдармен өзара әрекеттесетін, қарым-қатынас жасайтын және аталған өзара әрекеттестік барысында бастамашы ретінде дербес әрекет ететін күш ретінде метафора моделінде ұсынылады. Мәселен, ауру әртүрлі әлеуметтік процестерде белсенді рөл атқарады. Бұл метафора үлгісінде індеттің жау ретіндегі бейнесін жасайды. Сәйкесінше, COVID-19 бен адамзат арасындағы текетірес күрес пен майдан тұрғысынан сипатталады.

Өз кезегінде, аурудың концептуалды шеңбері қазіргі өмірдің маңызды құбылыстарын бейнелейтін метафораларды жасаудың бастапқы аймағы ретінде қызмет етеді. Пандемиялық жағдайдың метафоралық көрінісін зерттеу шынайы болмысты концептуалдау құралдарының бірі ретінде тілдің коммуникативтік рөлін түсінуге белгілі бір дәрежеде үлес қоса алады.

Шындықты метафоралық тұрғыдан бейнелеуді зерттеу қазіргі тіл білімінде үлкен сұранысқа ие, өйткені метафора таным құралы ретінде түсініледі. Ғалым Г.Виконның сөзімен айтқанда, метафора – «тілді ойлау мен мәдениетпен байланыстыратын түйін» [1, б. 248]. Осылайша, метафораларды қарастыру зерттеушіге қоршаған орта туралы білімнің тілде қалай көрініс табатынын түсінуге, оның ішінде түсінілім саласындағы ұлттық және мәдени ерекшеліктерді түсінуге мүмкіндік береді. Метафоралау арқылы күрделі және құрылымсыз, бейнелі тұлғалар неғұрлым нақты формада түсініледі [2, б.10]. Түсіну процесі метафораның көрнекі табиғатына сай едәуір жеңілдетіледі. Ғалым В.Н. Телия атап өткендей, ол «әлем туралы білімді динамикалық күйге келтіретін ұқсастық болжамына, осы білім тудыратын бейнелі-ассоциативті бейнеге және метафоралау процесінде өзара әрекеттесетін дайын мағынаға негізделеді» [1, б.15]. Тиісінше, метафоралық бейне өзінің нақтылығы арқасында ақпаратты өңдеуге және ұсынуға ыңғайлы. Бұл аспектіде метафораларды зерттеудің өзектілігі әлем туралы жаңа білім өзін тілде көрсету жолдарын іздейтін әлеуметтік сілкініс кезеңдерінде арта түседі. Зерттеуші А.Н. Баранов метафора мен «дағдарыс» ойлауының байланысы туралы былай дейді: зерттелетін мәтін шеңберіндегі метафоралар саны тарихтың бетбұрыс кезеңдерінде көбейеді [3]. Метафоралық шығармашылыққа бұл тұрғыдан қызығушылық нәтижесінде соңғы жылдары бірқатар жұмыстар жарық көрді. Осылайша, әскери қақтығыстарды [4], экономикадағы дағдарысты [5], Еуропадағы көші-қон дағдарысын [6] сипаттау үшін қолданылатын метафоралар арнайы зерттелді.

Ал 2020 жылы коронавирус инфекциясының таралуы бүкіл әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға түбегейлі әсер етіп, көптеген елдерде экономикалық дағдарыс тудырды және адамдардың күнделікті өміріне айтарлықтай әсер етті. Осы оқиғаларды дұрыс түсінуді көрсетуге арналған еңбектер көптеп жарық көрді [7, б.8]. Сондай-ақ, лингвист ғалымдар электронды БАҚ-ты ақиқат болмыстың бір үзігі ретінде қоғам өмірін айшықтайтын құрал ретінде қарастырады. Радиокommunikация өтетін экстралингвистикалық жағдайлар, контекст, коммуникативтік мақсаттарды бір сөзбен, радиодискурс деп атауға болады. Радио-

коммуникация қоғамда қалыптасқан социо-мәдени басымдылықтарды және нақты коммуникативтік жағдаяттардың ерекшеліктерін бейнелейді [9].

Бұл мақаламызда қазақ тіліндегі радио-теледидар хабарларында көрініс тапқан коронавирус инфекциясы тақырыбының метафоралық көрінісіне, теле, радио тілінің стильдік өзгерістеріне назар аударамыз.

Зерттеу әдістері. Жаңа ұғымдарды метафора арқылы жеткізу кезінде санада жалған денотат туралы білімдер мен идеялар кешені жаңартылып, нақты денотатқа назар аударылады және оны сипаттауға немесе бағалауға қызмет етеді. Виртуалды нысандар ретіндегі метафоралық модельдер лингвистикалық талдау жасауға болатын метафоралар ретінде тілде көрініс табады. Қарастырылып отырған мәтіндердегі пандемия тақырыбының метафоралық бейнелену ерекшеліктерін анықтау үшін мақаламызда лингвомәдени талдау әдісі, компоненттік талдау әдісі, контекстік және стилистикалық талдау әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері. Бұл жұмыста қазақ теле-радио дискурсында метафора үлгісі ретінде қолданылған жүзге жуық мысал қарастырылды. Ауруды таңбалау үшін негізінен оның қоздырғышы – вирус атауы кеңінен қолданылғанын көреміз. Сондай-ақ анықталды, дертке шалдықты, емделіп жатыр, ... *пайызға азайды, өрши түсті, пневмония табылды, жұқтырғаны анықталды, жұқтырғандар саны ... жетті т.б.* сөздері жиі жұмсалған. Пандемия кезінде аталмыш сөздердің жиі жұмсалғаны соншалық, оларға адамдардың құлағы үйреніп кетті. Ал цифрлармен тіркесе қолданылғанда аталмыш сөздер ерекше белсенді лексикалық қабатқа еніп, жалпы сөздік қордан карантиннің жаршысы сияқты ерекше сипатқа ие болған тілдік бірлікке айналды. Жинақтай айтқанда, цифр атауларының күнделікті өмірдегі маңызы артып, олар қоғамда **ақпараттық, реттеуіштік, әсер етушілік** сияқты прагматикалық қызметтер атқарды. Таратып айтар болсақ, теле-радио арқылы күнделікті таралатын ақпарат аурудың күшеюі мен бәсеңдеуі жайында мәлімет беретін негізгі сигнал рөлін атқарды, яғни бұл – цифрлардың **ақпараттық қызметі**.

Осындай нақты цифрларға қарай қоғам өмірін белгілі бір дәрежеде реттеуге қол жеткізілді, мысалы, ауру жұқтырғандар санына қарай карантин шаралары қатаңдатылып немесе босанданып отырды. Маска режимі де күшейтіліп немесе алынып тасталатын деңгейде өзгермелі сипатта болды. Мұны жоғарыда аталған цифрлардың **реттеуіштік қызметінің** бір көрінісі ретінде санауға болады.

Ал ауру жұқтырғандар санының артуына байланысты қоғам мүшелерінің санасында туындайтын үрей мен қорқынышты цифрлардың **әсер етушілік** қызметі ретінде тануға болады.

Жиналған тілдік материалға жасалған талдау көрсеткендей, коронавирус инфекциясының таралуына арналған хабарламаларда бұл құбылысты қабылдаудың әртүрлі аспектілеріне баса назар аударылады. Осылайша, тыңдарманды жаңа ауру туралы хабардар ететін және оның белгілерін сипаттайтын мәтіндерде вирус күрес ретінде көрсетіледі. Адам ағзасына енген ауру қоздырғышы сыртқы жаумен ассоциацияланады. Сөйтіп адам мен ауру арасындағы қарсылық **ковид - күрес** үлгісінде метафораланады. Вирус бұл модельде зұлымдық символы болады. Яғни індеттің жағымсыз әсері артып, одан қорқу күшейеді. *Мысалы: СҚО-да Коронавируспен күрес кезінде бірнеше азаматқа заңсыз үстемақы төленген* <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/463421-s-o-da-koronaviruspen-k-res-kezinde-birneshe-azamat-a-za-syz-stema-y-t-lengen> *Коронавируспен күрес адам құқықтары ахуалына кері әсерін тигізуі мүмкін (Азаттық радиосы)* <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-coronavirus-riths/30513221>.

Теле-радио дискурста коронавирус инфекциясы тақырыбына арналған хабарламалардағы атап өту қажет тағы бір маңызды жайт – оның қоғамға тигізген әсері. Коронавирус адамның күнкөрісіне, оның әлеуметтік жағдайына қауіп төндіретін жау ретінде ұсынылғандықтан, оның таралу салдары қоғамдағы күрделі жағдайды сипаттайтын сөйлемдерде субъект

ретінде «вирус» және «пандемия» сөздерін қолдану арқылы ерекшеленетін белгілі бір «әрекеттер» ретінде көрсетілді. Осылайша, пандемия «өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың кірісіне, табысына қауіп төндіреді», яғни онлайн режимде жұмыс істемейтін адамдар үшін сырттан келетін табыс тоқтатылып, соның салдарынан адамдар жоқшылық зардабын тартып, тұрмыстағы күйзеліске ұшырағандар саны көбейді.

Бұл жерде әлеуметтік аз қамтылғандар категориясына жататын азаматтарға үкімет тарапынан берілген бір реттік қаржылай көмек туралы ақпарат теле-радиодискурста көптеген нұсқадағы тілдік қолданыстардың жасалуына, туындауына негіз болғанын да айта кету керек.

Осындай мысалдарға жасалған талдау нәтижесінде қоғамдық санада **ковид - күнкөріс** үлгісіндегі метафораның қалыптасқанын көреміз. Вирус бұл модельде таршылық символы болады. Яғни індеттің тағы бір жағымсыз әсері кедейленуден, тұрмыстың ауыртпашылығынан қорқу күшейеді. Мысалы: «*Жәрдем жұғын болмады*». 42500 теңге күнкөріс жете ме? <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-coronavirus-social-payment-during-quarantine/30749420.html>; *Коронавируспен күреске бір күндік жалақы аударуға ешкім міндеттелмеуі тиіс - «Nur Otan»* <https://azattyq-ruhy.kz/society/5899-koronaviruspen-kureske-bir-kundik-zhalaky-audaruga-eshkim-mindettelmeui-tiis-nur-otan-partiiasy>

Пандемия кезінде COVID-19-дың зиянды әсері әртүрлі салаларға тигені белгілі. Инфекция адамды өлімге әкеледі және бұл қайғылы жайттан құтқаратын адам біреу, ол – дәрігер. Яғни ажалға араша түскен ақ халатты абзал жандар образы пандемия кезіндегі теле-радио дискурста **дәрігер - жауынгер** үлгісіндегі метафораның қалыптасуына негіз болды. Бұл модельде дәрігер күрескер, құтқарушы символы ретінде танылды: *Пандемия кезінде халық алғысын алған жас дәрігер* <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent/press/news/details/163298?lang=kk>; «*Науқас көп, тізе бүгетін уақыт жоқ*». *Вируспен күрестің алғы шебіндегі студент дәрігер* <https://www.azattyq.org/a/young-doctors-against-covid-19-kazakhstan/30721974.html>

Ковид-19 арқылы адамзат өміріне төнген қауіптен сақтандыратын бірден-бір тиімді шара ретінде ұсынылған екпе жасау мәселесі теле-радио дискурста ерекше «жарнамаланып», кеңінен насихатталды. Нәтижесінде қоғамдық санада **екпе - қорғаныс** үлгісіндегі метафора қалыптасты. Екпе бұл модельде вирустан қорғайтын қалқан символы болады. Яғни індеттің жағымсыз әсерін бәсеңдетіп, одан қорғанатын күштің бар екендігіне деген сенім ұялатып, жақсылыққа деген үмітті күшейтеді. Мысалы: *Екпе алмаса, қауіп көп екенін көп адам түсінді-дәрігер* <https://www.azattyq.org/a/young-doctors-against-covid-19-kazakhstan/30721974.htm>; *Қазақстанда жаппай вакцинация басталды. Екпе салдыру кімдерге қауіпті* <https://informburo.kz/kaz/qazaqstanda-zappai-vakcinaciya-bastaldy-ekpe-saldyru-kimderge-qauipti>

Пандемия кезінде теле-радио дискурста ерекше орын алған тағы бір мәселе – әлеуметтік алшақтау және өзін-өзі оқшаулау туралы ережелерге сәйкес үкімет енгізген карантинге қатысты **ковид - шектеу** үлгісіндегі метафораның қалыптасуы болды. Бұл модельде вирус адамды еркіндігінен айыратын қапас символы болады: *Алматы облысында карантин шектеулері күшейтіледі* https://baq.kz/almaty-oblysynda-karantin-shekteuleri-kusheytile-di_238067/; *Қазақстанда карантин шектеулері 2 тамызға дейін ұзарды* https://baq.kz/almaty-oblysynda-karantin-shekteuleri-kusheytile-di_238067/

Мұнда адамның қоғамдық қатынастарға негізделген қалыпты өмірін күрт өзгерткен дерттің оның психикасына да теріс ықпал еткенін көреміз. Осылайша, аурудың таралуын тоқтатуға бағытталған шектеу шаралары әлеуметтік дағдарыстың бастамасы ретінде ұсынылған. Бір сөзбен айтқанда, пандемия кезінде адамдарға әдеттегі өмір салтын өзгертуге және өзгерген жағдайға бейімделуге тура келді.

Пандемия кезінде COVID-19-дың адам өмірінің әртүрлі салаларына теріс әсерін тигізгені аян. Инфекция салдарынан болған мезгілсіз өлім, бұл қайғылы жайттың отбасы мүшелеріне ауыр соққы ретінде тиюі, жұмыссыздық, кірістің азаюы, адамдардың бір-бірін көруіне,

араласуына салынған тыйым т.б. жағдайлар қоғам өміріне ерекше күйзелістік сипат берді. Осындай ауыртпалықтарды сипаттау пандемия кезіндегі теле-радио дискурста **ковид - сынақ** үлгісіндегі метафораның қалыптасуына әкелді. Бұл модельде ауру адамды шыңдаушы, ширатушы, тәубеге келтіруші күш символы ретінде танылды: «Туберкулез және ковид: адамзат үшін жаңа сынақ» <https://www.youtube.com/watch?v=D2vmQcb8GZ0>; *COVID-19-Қазақстанға жаңа сынақ* <https://egemen.kz/article/227522-covid-19---qazaqstanghadganha-synaq>

Екі жылға созылған пандемия жағдайында ауру өршуінің алдын алу және оны тоқтату шараларының нәтижесінде вирустың бетін қайтару теле-радио дискурста кеңінен талқыланған тақырып болды. Осы қалыпты жағдайға көшу, әлеуметтік шектеулерді алып тастау, қызыл аймақтан сарыға, одан жасыл аймаққа көшу, маска режимін алып тастау, «ашық» жүйесін тоқтату сияқты шаралар халық санасында **ковид - жеңіліс** үлгісіндегі метафораның қалыптасуына негіз болды. Бұл модельде адамның өміршеңдігі жеңімпаздық символы ретінде репрезенттеледі. Мысалы: *COVID-19 пандемиясы ресми түрде аяқталды* <https://inbusiness.kz/kz/last/covid-19-pandemiyasy-resmi-turde-ayaktaldy>; *Әлемді жайлаған COVID-19 пандемиясы толығымен аяқталды* https://el.kz/alemdi-zhaylagan-covid-19-pandemiyasy-tolygyumen-ayaqtaldy_73667/

Талқылау. Жоғарыда айтылған жайттарды таратар болсақ, коронавирустың қоғамға әсері туралы теле-радио дискурстағы хабарламалар, талдамалық шолулар аурудың адам өмірінің негізгі салаларына: еңбек қатынастары, білім беру, экономика, әлеуметтік байланыстарғатеріс ықпал еткенін көрсетеді.

Біріншіден, бұл індеттің әлеуметтік құрылымға және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа тигізетін әсеріне теріс баға берілуі әбден заңды. Екіншіден, жаһандық деңгейдегі қауіп қоғамды біріктіру факторы ретінде әрекет етеді. Үшіншіден, аурудың концептуалды аймағы медициналық метафораның бастапқы аймағы ретінде қызмет етеді.

Ауру, денсаулық және емдеу тақырыбының өзектілігі теле-радио дискурстағы метафоралық шығармашылық үшін қолайлы орта жасады. Ең алдымен, бұл пандемиямен тікелей байланысты құбылыстарды көрсетуге қатысты. Яғни, қоғамның ауруды қабылдауы мәтіндерде метафора түрінде беріледі.

Ковид, штамм, карантин, пандемия, екпе, вакцина, бетперде, қызыл/сары/жасыл аймақ, ашық, онлайн, зум, тимс, ИВЛ, ПЦР, өкпенің зақымдануы, пневмониялексемалары коронавирус туралы жаналықтарға қоғамның реакциясын сипаттау үшін қолданылды, сондай-ақ қалың бұқараның эмоцияларын сипаттауға, қоғамда дүрбелең туғызуға (паника) қызмет етті. Бұл контексте медициналық метафораны құру үшін жиі қолданылған етістік ретінде «жұқтыру» семасы бар етістіктерді атауға болады: *Ковид-19 жұқтырғандарға: Күтіну. Иммунитет. Қауіпті дерт. Қосымша ауру.* https://el.kz/alemdi-zhaylagan-covid-19-pandemiyasy-tolygyumen-ayaqtaldy_73667/; *Елдегі эпидемиалар: Бір тәулікте 1173 адам ковид жұқтырған* <https://qazaqstan.tv/news/153058/>

Осылайша, қорқыныштың өзі аурудың таралуына ұқсайды. Келтірілген мысалдар негізінде, медициналық метафора телебағдарламалардың өзіндік стилінің қалыптасуына тірек болды десек, қателеспейміз.

Сондай-ақ коронавирус қорқынышының бұқаралық санаға ғана емес, экономикаға да теріс әсер тигізгені туралы айту қажет. Экономика, бұқаралық санамен қатар, медициналық метафораның тағы бір мақсатты саласы болып табылады: *Коронавирус пандемиясының Қазақстан экономикасына әсері қандай? Сараптама* <https://informburo.kz/kaz/koronavirus-pandemiyasyny-azastan-ekonomikasyna-ser-anday-sarapta.html>; *COVID-19 Қазақстан экономикасына соққы болып тиді* <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-takes-another-economic-hit-as-covid-19-country-s-oil-fields-copper-mines/30649890.html>

Пандемия кезіндегі теле-радио дискурсты сипаттайтын тағы бір стильдік ерекшелік теріс қоғамдық көңіл-күйді сипаттау үшін белсенді түрде қолданылған лексемалар. Мысалы:

Тойды тоқтатсақ, түбі не болады? https://baq.kz/toydy-to-tatsa-t-bi-ne-bolady-_227538/
Қазақтың тойы бренд пе, понт па? Пандемия тойды өзгертті ме? <https://yandex.kz/video/preview/18437913373593813019>

Келтірілген үзінділер пандемия кезінде теле-радио дискурста кеңінен қолданылған тілдік бірліктердің стильдік ерекшеліктерін көрсететін метафораларға нақты мысал бола алады.

Осылайша, медицинадағы, экономикадағы және қоғамдық санадағы келеңсіз құбылыстар коронавирустың жойқын күш ретіндегі жағымсыз сипатын көрсететін факторлар ретінде шешуші рөл атқарды. Бұл жағынан алғанда, метафоралар мәтін авторының өзіне ерекше әсер еткен құбылыстарға оң немесе теріс баға беруіне мүмкіндік беретін стильдік тәсіл ретінде кеңінен қолданылды.

Қорытынды. Зерттеу материалдарына жасалған талдау қазақ теле-радио дискурсында коронавирустық пандемия тақырыбы белсенді түрде метафораланғанын көрсетті. Әлбетте, метафора жаңа әлеуметтік маңызды құбылыс туралы ақпаратты таратудың маңызды құралы болып табылады, өйткені ол тыңдарманға және көрерменге бұрыннан бар концептуалды салалар тұрғысынан жаңа білімді түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, метафора өмірдегі нақты зат немесе құбылыс туралы эмоционалды-бағалаушы пікірді қалыптастыруға көмектеседі, бұл әлеуметтік өмірдің барлық аспектілеріне әсер ететін факторларға келгенде ерекше маңызды. Халықты инфекцияның таралуы туралы хабардар ету және сол кезде жаңадан пайда болған ауруды сипаттауды мақсат еткен мақалаларда «**ковид – күрес**» метафорасы жаңартылған.

Зерттеу барысында қарастырылған мысалдар коронавирус инфекциясының бейнесін сырттан келетін жау ретінде қабылдауға болатынын көрсетеді. Аталмыш дерттің адамдарға (жеке тұлғаларға, тұтастай алғанда қоғамға) және мәдениет пен экономикаға бағытталған агрессиясын бейнелейді. Мәтіндерде бұл метафора мағынасы дертті білдіретін лексемалар арқылы жүзеге асады. Аурудың адам өліміне әкелетін күші метафора түрінде әртүрлі салаларда беріледі. Пандемияның әлеуметтік-экономикалық жағдайға тигізген әсерін қамтитын аналитикалық шолуларда COVID-19 адамдарға қарсы тұру бастамасын көтерді, ал инфекция таралуының жағымсыз нәтижелері жаудың белсенді әрекеттерінің нәтижесінде көрсетіледі. Бұл әсер жұқтырды, өршіді, жалмады, жайлады, анықталды сияқты етістіктерді қолдану арқылы жүзеге асады.

Теле-радио дискурста үкіметтің инфекцияны шектеу үшін қабылдаған шаралары мен ауруды жұқтырған адамдарды сауықтыру әрекеттері әр түрлі метафоралар үлгісінде кеңінен қолданылды.

Науқастардың, дәрігерлердің және билік органдарының ауруға қарсы әрекет ету тәсілдері карантин, пандемия, екпе, вакцина, бетперде, қызыл/сары/жасыл аймақ, ашық, онлайн, зум, тимс, ИВЛ, ПЦР сияқты лексемалар арқылы берілген. Бір айта кетерлік жайт, коронавирус әртүрлі әлеуметтік процестердің бастамашысы болды, мысалы, қоғам өмірінде цифрлық технологиялар кеңінен таралды, сондай-ақ қоғам мүшелерінің ұйымдасуы, шоғырлануы көбірек байқалды. Осылайша, «ковид – сынақ» метафорасын жүзеге асыру кезінде қайырымдылық, жанашырлық сияқты лексемалар қолданылады. Сонымен қатар, медициналық тақырыптардың өзектілігі пандемияға (қоғамда инфекция қаупінің таралуы немесе пандемиядан туындаған экономикалық құлдырау) байланысты медициналық метафораларды әртүрлі контексте қолдануға себеп болды.

Қорытындылай келгенде, пандемиямен байланысты құбылыстарды метафоралау процесі белсенді сипатта болды және болашақта бұрыннан қалыптасқан метафоралық модельдердің жаңа лингвистикалық материалмен толықтырылуын, жаңаша үлгілердің жасалуын күтуге болады деген тұжырым жасаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Телия В.Н. *Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты.* М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. 288 с.
2. Лакофф Дж., Джонсон М. *Метафоры, которыми мы живем / под ред. и с предисл. А.Н. Баранова.* – М.: Едиториал УРСС, 2004. 256 с.
3. Баранов А.Н. *Дескрипторная теория метафоры.* – М.: Языки славянской культуры, 2014. 632 с.
4. Шарманова О.С. *Метафора, метонимия, метаф-тонимия. Способы концептуализации грузино-российского конфликта (на примере немецкоязычных СМИ): дис. ... канд. филол. наук.* Иркутск, 2012. 202 с.
5. Бадаева Н.В. *Механистическая метафора в экономическом дискурсе немецкоязычных масс-медиа в период кризиса 2008-2011 гг. // Филологические науки в МГИМО. 2018. № 1 (13). С. 5-11.*
6. Розе Е.Е., Емельянов А.В. *Метафоры в миграционном дискурсе англоязычных газетных статей // Ученые записки Новгород. гос. ун-та. 2018. № 4 (16). С. 9-12.*
7. Темиргазина З.К. *Вспышка, всплеск или волна: как и что мы говорим о коронавирусе // Неофилология. 2020. Т. 6, № 24. С. 645-652.*
8. Wicke P., Bolognesi M. M. *Flaming COVID-19: How we conceptualize and discuss the pandemic on Twitter // PLoS ONE. 2020. № 15 (9).*
9. *Радио тілінің айырым белгілері // Қазақстанның ғылымы мен өнері. Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. Педагогика сериясы. – Астана, 2016. -№3(38).-103-1*

References:

1. Telia V.N. *Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguoculturological aspects.* – М.: School “Languages of Russian culture”, 1996. - 288 p.
2. Lakoff J., Johnson M. *Metaphors by which we live/ edited and with a preface by A.N. Baranov. M.: Editorial URSS, 2004. - 256 p.*
3. Baranov A. N. *Descriptive theory of metaphor.* – М.: Languages of Slavic culture, 2014. - 632 p.
4. Sharmanova O.S. *Metaphor, metonymy, metaphonymy. Ways of conceptualizing the Georgian-Russian conflict (on the example of German-language media): dis. ... Candidate of Philological sciences. Irkutsk, 2012. – 202 p.*
5. Badaeva N.V. *Mechanistic metaphor in the economic discourse of the German-language mass media during the crisis of 2008-2011 // Philological Sciences in MGIMO. 2018. No. 1 (13). – P. 5-11.*
6. Rose E.E., Emelyanov A.V. *Metaphors in the migration discourse of English-language newspaper articles // Scientific notes of the Novgorod State University. 2018. No. 4 (16). - P. 9-12.*
7. Temirgazina Z.K. *Flash, surge or wave: how and what we say about coronavirus // Neophilology. 2020. T. 6, No. 24. -P. 645-652.*
8. Wicke P., Bolognesi M. M. *Flaming COVID-19: How we conceptualize and discuss the pandemic on Twitter // PLoS ONE. 2020. № 15 (9).*
9. *Distinctive signs of radio language // Science and art of Kazakhstan. International scientific-public journal. Pedagogical series. Astana, 2016. No. 3(38).- P. 103-106.*

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Егизбаева Назыкен Жаненовна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, nazyken@mail.ru

Тәубеева Әлия Тәубеқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторант, nur-muba19@mail.ru

Елмуратова Саёра Абыллаевна – Ажинияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институты, Нүкіс, Өзбекстан, филология ғылымдарының кандидаты, sayora_1981@mail.ru

Алламуратова Гулсанем Жалгасбаевна – Ажинияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институты, Нүкіс, Өзбекстан, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, gulsanem69@mail.ru

Есенова Қалбике Өмірбайқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Kalbike_65@mail.ru

Мұратбаева Индира Сылқымбайқызы – Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіподақтар университеті Алматы филиалы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Lashin 2030@mail.ru

Белобровцева Ирина Захаровна – Таллин университеті, Таллин, Эстония, филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Костюхина Марина Сергеевна – А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті, Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы, ф.ғ.к., доцент, eakost@yandex.ru

Сатуова Жазира Талғатқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, zhazirasatuova@gmail.com

Ибраева Айзат Дүйсенқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, ibraevaiazat@mail.ru

Табачникова, Ольга Марковна – Орталық Ланкашир университеті, Престон, Ұлыбритания, философия докторы (PhD), доцент, гуманитарлық ғылымдар, тілдер және жаһандық зерттеулер факультетінің орыстану кафедрасының меңгерушісі, otabachnikova@uclan.ac.uk

Жаңабекова Айман Әбділдақызы – А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, aiman_miras@mail.ru

Пірманова Күнсұлу Қамбарбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD студент, kunsulu.pirmanova@mail.ru

Жәңгірова Назерке Қосқыланқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2-курс магистранты

Қалыбаева Қаламқас Сейдуллаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор

Омарова Мөлдір Дауренбекқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, магистрант, moldir.majit@mail.ru

Нуржанова Жайнаш Джумахметовна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., znur73@mail.ru

Скляр-Кабрал Леонор – Санта-Катарина Федералды университеті, Бразилия, құрметті профессор, Leonorsc20@gmail.com

Сүйінова Гүлнәра Сейілбекқызы – Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің профессоры, Павлодар, suynovags@teachers.ppu.edu.kz

Тряпельников Анатолий Викторович – Ресей халықтар достығы университеті, Ресей, atmos@tryapelnikov.ru

Яхненко Владимир Васильевич – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей, yakhnenko_1950@mail.ru

НАШИ АВТОРЫ

- Егизбаева Назыкен Жаненовна** – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, кандидат филологических наук, старший преподаватель, nazyken@mail.ru
- Тәубеева Әлия Тәубеқызы** – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, докторант PhD, nur-muba19@mail.ru
- Елмуратова Саёра Абыллаевна** – Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза, Нукус, Узбекистан, кандидат филологических наук, sayora_1981@mail.ru
- Алламуратова Гулсанем Жалгасбаевна** – Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза, Нукус, Узбекистан, кандидат филологических наук, доцент, gulsanem69@mail.ru
- Есенова Калбике Умирбаевна** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доктор филологических наук, профессор, Kalbike_65@mail.ru
- Муратбаева Индира Сылкымбаевна** – Алматинский филиал Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов, кандидат филологических наук, доцент, Lashin 2030@mail.ru
- Белобровцева Ирина Захаровна** – Таллинский университет, Таллин, Эстония, кандидат филологических наук, профессор
- Костюхина Марина Сергеевна** – Российский Государственный педагогический университет им. А.И. Герцена, Санкт-Петербург, Российская Федерация, к.ф.н., доцент, eakost@yandex.ru
- Сатуова Жазира Талгатовна** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, zhazirasatuova@gmail.com
- Ибраева Айзат Дуйсеновна** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кандидат филологических наук, старший преподаватель, ibraevaiazat@mail.ru
- Табачникова, Ольга Марковна** – Университет Центрального Ланкашира, Престон, Великобритания, Доктор философии (PhD), доцент, заведующая кафедрой русистики на факультете гуманитарных наук, языков и глобальных исследований, otabachnikova@uclan.ac.uk
- Жанабекова Айман Абдильдаевна** – Институт языкознания имени А.Байтурсынова, заведующий отделом прикладной лингвистики, доктор филологических наук, aiman_miras@mail.ru
- Пірманова Күнсүлу Қамбарбекқызы** – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, PhD студент, kunsulu.pirmanova@mail.ru
- Жәңгірова Назерке Қосқыланқызы** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, магистрант 2 курса
- Қалыбаева Қаламқас Сейдуллаевна** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доктор филологических наук, профессор
- Омарова Мәдір Дауренбекқызы** – Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, магистрант, moldir.majit@mail.ru
- Нуржанова Жайнаш Джумахметовна** – Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, кандидат педагогических наук, и.о. доцента, znur73@mail.ru
- Скляр-Кабрал Леонор** – Федеральный университет Санта-Катарины, Бразилия, Почетный профессор, Leonorsc20@gmail.com
- Суюнова Гульнара Сейльбековна** – доктор филологических наук, профессор Высшей школы гуманитарных наук Павлодарского педагогического университета им. Әлкей Марғұлан, Павлодар, suynovags@teachers.ppu.edu.kz
- Тряпельников Анатолий Викторович** – Российский университет дружбы народов, Россия, atmos@tryapelnikov.ru
- Яхненко Владимир Васильевич** – Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, Россия, yakhnenko_1950@mail.ru

OUR AUTHORS

Yegizbayeva Nazyken – Kazakh State University named after Al-Farabi, Senior Lecturer, nazyken@mail.ru

Taubeyeva Aliya – Kazakh State University named after Al-Farabi, PhD doctoral student, nurmuba19@mail.ru

Elmuratova Saera – Nukus State Pedagogical Institute named after Azhiniyaz, Nukus, Uzbekistan, Candidate of Philological Sciences, sayora_1981@mail.ru

Allamuratova Gulsanem – Nukus State Pedagogical Institute named after Azhiniyaz, Nukus, Uzbekistan, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, gulsanem69@mail.ru

Yessenova Kalbike – Abai Kazakh National Pedagogical University, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kalbike_65@mail.ru

Muratbayeva Indira – Almaty branch of the ST-Petersburg Humanitarian university of trade unions, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Lashin2030@mail.ru

Belobrovtsseva Irina – Tallinn University, Tallinn, Estonia, Candidate of Philological Sciences, Professor

Kostyukhina Marina – The Herzen State Pedagogical University of Russia, St. Petersburg, Russian Federation, Ph.D., Associate Professor, eakost@yandex.ru

Satuova Zhazira – Abai Kazakh National Pedagogical University, zhazirasatuova@gmail.com

Ibraeva Aizat – Abai Kazakh National Pedagogical University, Candidate of Philological Sciences, senior lecturer, ibraevaizat@mail.ru

Tabachnikova Olga – University of Central Lancashire (UCLan), Preston, UK, PhD, Associate Professor, Head of Russian Studies at the School of Humanities, Language and Global Studies, otabachnikova@uclan.ac.uk

Zhanabekova Ayman – A. Baitursynov Institute of linguistics, Head of the Department of Applied Linguistics, Doctor of philology, aiman_miras@mail.ru

Pirmanova Kunsulu – Al-Farabi Kazakh National University, PhD student, kunsulu.Pirmanova@mail.ru

Zhangirova Nazerke – Abai Kazakh National Pedagogical University, 2nd year master student

Kalybayeva Kalamkas – Abai Kazakh National Pedagogical University, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor

Omarova Moldir – The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, master's degree student, moldir.majit@mail.ru

Nurzhanova Zhainash – The L.N. Gumilyov Eurasian National University", Astana, candidate of pedagogical sciences, acting associate professor, znur73@mail.ru

Sklar-Cabral Leonor – Federal University of Santa Catarina, Brazil, Honorary Professor, Leonorsc20@gmail.com

Suyunova Gulnara – doctor of philological sciences, professor of the Higher School of Humanities of the Pavlodar Pedagogical University Əlkey Margulan, Pavlodar, suynovags @teachers.ppu.edu.kz

Tryapelnikov Anatoly – Peoples' Friendship University of Russia, Russia, atmos@tryapelnikov.ru

Yakhnenko Vladimir – Moscow State University named after M.V. Lomonosov, Russia, yakhnenko_1950@mail.ru